

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша

ҚОРЫТЫНДЫ

ҚР Парламентінің депутаттары А.Лукин, С.Макежанов, Б. Бекжанов, С.Имашева әзірлеген бұл заң жобалары Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне және қолданыстағы заңнамалық актілерге қайшы келмейді, мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуды немесе мемлекеттік бюджетке түсетін мемлекеттік кірістерді қысқартуды көздемейді, сондай-ақ теріс әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соқпайды. Заң жобаларын реттеу мәні Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қоғамдық қатынастарға сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрестің халықаралық жүйесінің субъектісі болып табылады, БҰҰ-ның 1961 жылғы Есірткі құралдары туралы үш негізгі бірыңғай Конвенциясын, 1971 жылғы психотроптық заттар туралы Конвенцияны, 1988 жылғы есірткі құралдары мен психотроптық заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы БҰҰ Конвенциясын ратификациялады.

Әрбір қатысушы ел 1988 жылғы Есірткі және психотроптық заттардың заңсыз БҰҰ конвенциясының 3-бабына сәйкес, өзінің заңнамасына сай, Конвенцияның 3-бабының 1-тармағында көзделген әрекеттерді қылмыстық құқық бұзушылық деп тану үшін талап етілуі мүмкін шараларды қабылдайды. Осы норманы негізге ала отырып, заң шығарушы, егер олар Конвенцияда көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың тізбесіне бағынбаса, ҚР ҚК-нің кейбір нормаларын өз қалауы бойынша қылмыссыздандыру мәселелерін айқындауға құқылы.

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы ҚР ҚК 296-бабының (бірінші және екінші бөліктерінің) ішінара декриминализациясын көздеген. Жұмыс тобы шеңберінде заң жобасын талқылау барысында депутаттар баптың бірінші бөлігін ғана қылмыссыздандыру туралы шешім қабылдады. ҚР ҚК 296 б 1 (есірткі

құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын қоғамдық орындарда медициналық емес тұтыну (ҚР ҚК 296-бабының 1-бөлігі) осы іс-әрекет үшін жауапкершілікті енгізу жолымен (ҚР ӘҚБтК 422-1-бабы), екінші бөлігі (есірткі құралдарын өткізу мақсатынсыз заңсыз дайындау, қайта өңдеу, сатып алу, сақтау, тасымалдау, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын) ҚР ҚК 296 б1-бөлігінде қалдыру туралы шешім етті.

ҚР ҚК 296 бабының 1-бөлігі бойынша теріс қылық үлкен қоғамдық қауіп төндірмейтінін ескерсек, оны ҚР ӘҚБтК-не көшіру мүмкін деп санаймыз (422-1-бап).

Баяндалғанның негізінде ҚР ҚК бабының қандай да бір бөлігін қылмыссыздандыру туралы мәселе заң шығарушының құзыретінде екенін атап өтеміз.

ҚР ҚК-нің 1 және 3-бөлігіндегі 301-бапты заң жобасымен **«мүлкі тәркіленіп немесе онсыз»** 301-баптың барлық бөліктеріндегі жазаны қоспағанда, **күшті әсер ететін заттармен** 1-бөлімде толықтыру ұсынылды. Заң жобасы бойынша жұмыс тобының отырыстары шеңберінде депутат осы баптың бірінші және үшінші бөлігінде **«мүлкі тәркіленіп»** түріндегі жазаны толықтыруды ұсынады. Сонымен қатар, бұл жазаны депутат ҚР ҚК 301-бабының **екінші және төртінші** бөлігінде ұсынбайды.

Тұтастай алғанда осы түзету қабылданған жағдайда, біз барлық бөліктерде (тек бірінші және үшінші бөліктерде ғана емес) **«мүлікті тәркілеумен немесе онсыз»** балама түрінде қосымша жазаны сақтауды ұсынамыз.

1988 жылғы БҰҰ конвенциясы (5-бап) Әрбір Тарап 1-тармаққа сәйкес осындай деп танылған құқық бұзушылықтар жасау нәтижесінде алынған кірістерді тәркілеу үшін талап етілуі мүмкін шараларды қабылдайтынын айтады. Конвенцияның немесе меншіктің немесе есірткі құралдарының (немесе басқа құралдардың) 3-бабы. 10.07.1998 жылғы «Есірткі, психотроптық заттар, олардың аналогтары мен прекурсорлары және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары турал» ҚР заңы да тәркілеу институтын көздейді (**31-бап**).

2. **«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы»** заң жобасы есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын өткізу мақсатынсыз заңсыз дайындағаны, өңдегені, сатып алғаны, сақтағаны, тасымалдағаны үшін әкімшілік жауаптылықты енгізуді көздейді (ҚР ӘҚБтК 422-1-бабы).

Жоба бойынша жұмыс тобының отырыстары шеңберінде депутаттар ӘҚБтК 80-1-бабының екінші бөлігін **«Медициналық және (немесе) фармацевтикалық қызметкерлердің заңды қызметіне кедергі жасау»**

деген сөздерден кейін «балағат сөздер» «**қорлау**» деген сөздермен толықтырған.

Мұндай жағдайда **қорлау** үшін қылмыстық жауапкершілікті көздейтін ҚР ҚК-мен нормалар бәсекелестігі пайда болады деп есептейміз (**131-бап**). Кез келген **қорлау** жағдайында ҚР ҚК-нің осы бабы қолданылуы тиіс. Осыған байланысты осы түзетуді қабылдамауды ұсынамыз.

Депутаттар сонымен қатар ҚР ӘҚБтК жаңа баптармен толықтыруды ұсынады: *«80-2 сыртқы сараптама жүргізу тәртібін сақтамау, екі және одан да көп жағдайларда бір тәуелсіз сарапшының сапасыз сараптамасы».*

Тақырыптың атауын мынадай редакцияда жазуды ұсынамыз:

«80-2 тәуелсіз сараптама жүргізу тәртібін, медициналық қызметтер(көмек) сапасын сақтамау, медициналық қызметтер(көмек) сапасына сапасыз сараптама жүргізу».

Әкімшілік жауапкершіліктің басталуы осындай сапасыз сараптаманың бір реттік жағдайында да болуы мүмкін деп санаймыз.

Депутаттар сондай-ақ ҚР ӘҚБтК-н *«Темекі мен темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, кальянға арналған темекіні, кальян қоспасын, темекіні жылытуға арналған жүйелерді, электрондық тұтыну жүйелерін және құрамында никотин бар сұйықтықты немесе құрамында никотин жоқ сұйықтықты қоса алғанда, олар үшін сұйықтықтарды көрсету»* деген 423-2-баппен толықтыруды ұсынады.

Сонымен қатар, әкімшілік жауапкершілік туындауы үшін демонстрацияның қай жерде өтуі керек екені белгісіз. Сондай-ақ, ҚР ӘҚБтК-де темекі, темекі өнімдері және басқа да байланысты өнімдердің айналымына қатысты бірқатар баптар бар екенін атап өткіміз келеді (133, 197, 198, 199, 423-1 б).

Бұдан басқа, ҚР **«Жарнама туралы»** 19.12.2003 жылғы Заңымен осындай тауарларға қатысты жарнамаға тиым салынады (4)тармақша), сондай-ақ 13 баптың 1 тармағының 5-1), 5-2) тармақшалары).

Бұдан басқа, жұмыс тобында ҚР ӘҚБтК жаңа баптары қабылданған жағдайда заң жобасының атауын өзгерту қажет болады.